

Н.Ы. Айтымбетов^{1*} , Н.К. Нышанбаев² 

¹ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстан, Алматы қ.

²«Тұран» университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: aitymbetov_nurken@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨЗГЕРУІНЕ ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ

Мақалада қазіргі әлемде азаматтық қоғам қалыптастыру жолында жастардың саяси мәдениеті мен санасының өзгерістерге ұшырау себептері қарастырылды. Трансформацияның бірнеше факторлары ішінде мақала авторлары заманауи цифрлы технологияның қоғамдық-саяси өмірге белсенді ендірілуін ерекше атап көрсетеді. Сонымен қатар мақалада қазақстандық жастардың саяси санасының өзгеріске ұшырауына цифрлы технологиялардың артып келе жатқан тікелей ықпалы ғылыми негізде талданады. Авторлардың пікірі бойынша цифрлы технологиялар бүгінгі күні жастардың саяси көзқарастары мен ұстанымдарын қалыптастыруда және жаңаша саяси әлеуметтену үрдісінде негізгі құралға айналып отыр.

Аталмыш гипотезаны дәлелдеу мақсатында виртуалды кеңістіктің жастардың саяси белсенділігінің артуына ықпалы нақты статистикалық көрсеткіштерге жүгіне отырып зерттелді. Заманауи цифрлы технологиялардың жастар үшін пайдасымен қатар тигізетін қауіп-қатерлеріне әлемдік цифрлы көшбасшы елдер тәжірибесі негізінде болжам жасалынады. Мақаланы ашуда және цифровизациядан туындайтын проблемаларды айқындауда салыстырмалы талдау, тарихи және әлеуметтанулық әдістер қолданылды. Бұл бізге қазіргі уақытта және болашақта мәселеге басқаша қырынан қарауға мүмкіндік береді, сондай-ақ, оның маңызын арттыра түседі және болашақта одан әрі терең зерттеуге шақырады.

Түйін сөздер: саяси мәдениет, қазақстандық жастар, заманауи цифрлы технологиялар, гламтор, цифрлы мәдениет, цифровизация.

N.I. Aitymbetov^{1*}, N.K. Nyshanbayev²

¹Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MES RK, Kazakhstan, Almaty

²«Turan» university, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: aitymbetov_nurken@mail.ru

The impact of Digital technology on the transformation of political culture of modern Kazakhstani youth

In the article authors examines the reasons for the transformation of political culture and consciousness of young people on the way to the formation of civil society in the modern period. Among several existing factors of transformation, the authors study the active introduction of modern digital technologies into the social and political life of society. Beside this process, the article analyzes the growing influence of digital technology on the political consciousness of Kazakhstani youth. Authors argue which digital technologies have become the main tool in shaping the political views and attitudes of young people in the process of political socialization of modern youth. In order to prove the hypothesis author analyzed the influence of the virtual space on the growth of political activity of Kazakhstani youth by using latest statistical data from official resources. Based on the experience of digitalized society authors make a forecast on the challenges and threats posed by modern digital technologies for young people and their political behavior. On the way to reveal and identify problems with digitalization, the authors used the method of comparative analysis, as well as historical and sociological methods.

Key words: political culture, Kazakhstani youth, modern digital technologies, internet, digital culture, digitalization.

Н.И. Айтымбетов^{1*}, Н.К. Нышанбаев²

¹Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, Казахстан, г. Алматы

²Университет «Тұран», Казахстан, г. Алматы

*e-mail: aitymbetov_nurken@mail.ru

Влияние цифровых технологий на трансформацию политической культуры современной казахстанской молодежи

В статье рассматриваются причины трансформации политической культуры и сознания молодежи на пути формирования гражданского общества в современном мире. Среди нескольких

существующих факторов трансформации авторы статьи особо отмечают активное внедрение современных цифровых технологий в общественно-политическую жизнь общества. Наряду с этим, в статье проанализировано растущее влияние цифровых технологий на политическое сознание казахстанской молодежи. По мнению авторов, цифровые технологии стали основным инструментом в формировании политических взглядов и установок молодежи в процессе политической социализации современной молодежи.

В целях подтверждения данной гипотезы с помощью статистических показателей было исследовано влияние виртуального пространства на рост политической активности казахстанской молодежи. На основе опыта стран – цифровых лидеров делается прогноз относительно вызовов и угроз со стороны современных цифровых технологий для молодежи. Для раскрытия и выявления проблем со стороны цифровизации авторы использовали метод сравнительного анализа, а также исторический и социологический методы. Это нам дает возможность взглянуть иначе на настоящие и будущие проблемы, что делает эту тему все более важной и определяет ее дальнейшее изучение.

Ключевые слова: политическая культура, казахстанская молодежь, современные цифровые технологии, интернет, цифровая культура, цифровизация.

Кіріспе

Саясаттану ғылымында «Еуропалық демократиялық парадокс» ұғымын 2014 жылы Граф Марлон енгізді (Марлон, 2014). Азаматтардың онлайн платформалар мен дәстүрлі саяси қозғалыстардағы белсенділігі арасындағы ауқымды айырмашылық тек саясаттанушылар ғана емес, тұтас ғылыми қауымдастықты қызықтырып отыр. Цифрлы технологиялардың қоғамдық-саяси мәселелер бойынша кеңінен қолданыла бастауы азаматтық қоғам институттары мен саяси мәдениет, саяси сана ұғымына тікелей ықпал етті. Ғаламтордың қолжетімділігінің артуы саяси ақпарат ағынын арттырып ғана қоймай, саяси процестерге қатысу формасына да біршама өзгерістер алып келді. Осы орайда цифрлы технологияларды жастар арасындағы саяси мәдениет деңгейіне, әсіресе, әрбір үшінші азамат «жастар» категориясына енетін Қазақстан үшін ғылыми тұрғыда зерттелуі тиісті маңызды тақырып.

2017 жылы Елдің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мемлекет алдына цифровизацияға негізделген ең дамыған 30 елдің қатарына кіру бойынша тапсырма қойды. Мемлекет басшысы елдің экономикасын дамыту үшін цифрлы технологияларды белсенді ендірудің маңыздылығын баса атап өтті. Оның пікірі бойынша цифровизация жалпы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қажет. Сонымен қатар Н. Назарбаев ғылыми зерттеу институттары, жоғары оқу мекемелері базасында және инновациялық кластерлер шеңберінде кәсіби жоғары мамандар даярлау мен құзіретті орталықтарды дамытуды да басты назарда ұстау қажеттілігін айтты (Сактаганова, 2017: 65).

Сол жылы ҚР Үкіметі елдің Үшінші жаңғыруы шеңберінде 2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың қарқынын жылдамдату және орта мерзімді келешекте цифрлы технологияны қолданудың есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ, Қазақстан экономикасының келешекте цифрлы экономиканы құруды қамтамасыз ететін дамудың арнайы жаңа траекториясына өтуіне жағдай жасау болып табылады. Өз кезегінде қазіргі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдің дамуы үшін цифровизацияның маңыздылығын бірнеше рет нақтылап көрсетті. Атап айтқанда, осы жылы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жаңа тәжірибе есебінен қайта қарастыруды көздеп отыр (Поручение глава государства, 2020).

Аса көп уақыт өтпей-ақ қазақстандықтар Тұңғыш Президент бастап берген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының алғашқы нәтижелерін өздерінің тәжірибесінде көріп отыр. Заманауи цифрлы технологиялар елдің әрбір азаматының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналып үлгерді, олар күн өткен сайын біздің өміріміздің әр түрлі салаларын көбірек қамтып келеді. Атап айтқанда, қазақстандық жастар заманауи цифрлы технологияларды жылдам игеріп жатыр және аталмыш жаһандық үрдістің барлық игіліктерін қолдануға мүмкіндік алды. Оған қоса бүкіл әлемде орын алып отырған пандемия салдарынан білім беру саласының онлайн форматқа ауысуы, жастардың заманауи технологияларды қолдану аясының кеңеюі мен ғаламтордың оларға тигізетін ықпалының одан әрі артуына септігін тигізуде.

Осы орайда мақаланың мақсаты заманауи цифрлы технологиялардың жастардың сая-

си мәселелерге қатысу белсенділігіне ықпалын ғылыми тұрғыда сараптау. Ол үшін біріншіден, цифрлы технологиялардың саяси коммуникациялық құрал ретінде кеңінен қолданысқа енуі жастардың саяси процестерге қатысу формасын өзгеріске ұшыратып, саясат ұғымының ауқымы кеңейе түсуіндегі жастардың саяси санасына, мәдениетіне ықпалын зерттейтін боламыз. Екіншіден, цифрлы технологиялардың қолданыс аясының кеңеюі арқылы саяси процестерде жалған ақпараттың, манипуляциялық, пропагандалық «саяси жарнамалардың» жаппай қолданысқа енуі мен таралуы арқылы тек қана жастарды ғана емес, сонымен қатар жалпы саяси қатысушыларға қиындықтар тудыруда. Сәйкесінше, саяси процестердегі жалған ақпараттың көбеюі азаматтық қоғам институты, билік бөлінісі сынды маңызды демократиялық саяси ұғымдарға тигізер қауіп негіздерін қарастырамыз.

Материалдар мен әдістер

Аталмыш мақаланы жазу барысында осы тақырып бойынша соңғы уақытта жарық көрген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-теориялық зерттеу жұмыстарына жан-жақты шолу жасалынды. Сол арқылы әлемде орын алып отырған цифровизация үрдісінің қоғамдық санаға ықпалын жан-жақты сараптай келе және оларды өзара бір-бірімен салыстыра отырып, қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтауға тырыстық. Сонымен қатар қазақстандық жастардың саяси белсенділігінің артуын айқындау үшін әлеуметтік желілердің қоғамдық-саяси пікірді қалыптастыра алу әлеуетіне талдау жасадық.

Мәселенің ғылыми сипатын айқындау мен зерделеу мақсатында нақты статистикалық мәліметтер мен қазақстандық жастар арасында жүргізілген әлеуметтанулық сауалнамалардың нәтижелеріне жүгіндік. Біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі әдістемелік базасын әлеуметтанулық, жүйелік, тарихи және салыстырмалы талдау әдістері құрайды.

Нәтижелер мен талдаулар

Саяси мәдениеттің трансформациялану ерекшеліктері

Саясаттану ғылымы саласында саяси мәдениет өте күрделі және кең ауқымды құбылыс болып табылады. Ол жалпы адамзаттың рухани

мәдениетінің құрамдас бір бөлігі болып табыла отырып, қоғам ішінде қалыптасқан азаматтардың саяси көзқарастары, мінез-құлықтары мен құндылықтарын өз бойына қамту арқылы жалпы мәдениеттен ерекшеленеді. Осылайша, саяси мәдениет белгілі бір қоғамның тарихи тәжірибесімен байланысып қана қоймай, сол қоғам мүшелерінің саяси өмірімен біте қайнасып жатады. Азаматтардың саяси мәдениеті қоршаған ортада түрлі факторлардың әсерінен үнемі трансформацияға ұшырап, үздіксіз жаңарып отырады.

Оған әлемнің кез келген мемлекетінде мемлекеттің қалыптасуы мен ондағы азаматтық институттардың даму тарихына шолу жасай отырып көз жеткізе аламыз. Посткеңестік елдердің соңғы отыз жылдық тарихында ұлттық мемлекеттік құрылысты қалыптастыру үрдісінде өзіндік саяси жаңа мәдениетті құру оңайға түспей отырғандығын көруге болады. Олай деуіміздің себебі азаматтардың санасында орныққан кеңестік саяси мәдениеттің қалдықтарын тазартып, оның орнына жаңа қазақстандық саяси мәдениетті қалыптастыру күрделі үрдіс болып табылады. Оған қоса әлем елдерінде ерекше жылдам қарқынмен жүріп жатқан демократияландыру, жаһандану мен түрлі интеграциялық үрдістер мен тенденциялар қазақстандық қоғамнан уақыт талабына тезірек бейімделуді және заман ағымына үнемі ілесіп отыруды талап етеді.

Осы орайда посткеңестік елдердің бірі болып табылатын Қазақстан әлемде орын алып отырған жаһандық тенденциялардан тыс қала алмайтындығы анық. Нәтижесінде соңғы уақытта қазақстандық қоғамның саяси мәдениеті бірнеше факторлардың ықпалынан күрделі трансформациялық өзгерістерді бастан кешіріп отыр. Соның ең басты факторларының бірі болып цифрлы технологиялардың қоғамдық өмірдің барлық саласына етене енуі болып табылады. Қазақстанға цифровизация ең алдымен экономикалық өсім мен әлемдік сахнада елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажет. Алайда, технологиялық жаңашылдық пен цифрлы мәдениеттің таралуы жас ұрпақтың мінез-құлық стратегиясының өзгерісіне алып келетінін әлем ғалымдары мойындап отыр.

Е.В. Бродовская, Т. Хуанг есімді ғалымдар өздерінің бірігіп жүргізген ғылыми зерттеуінде мынандай қорытындыға келеді: «Барлық саланы жаппай цифрландыру» жылдамдығы мен технологиясы айтарлықтай деңгейде цифрлы ұрпақтың өмір сүру стилі мен құндылықтар жүйесін қарқынды түрде өзгертеді» (Бродовская,

Хуанг, 2019: 71). Аты аталған ғалымдар қазіргі жаңа ұрпақтың интернет кеңістігінде көп уақытын өткізуі мен цифрлы технологияларды жиі қолдануы әсерінен олардың өмірлік бағыт-бағдары мен ұстанымдары өткен ұрпаққа қарағанда мүлдем өзгеше екендігін анықтаған. Сондықтан да бүгінгі күні ғылым саласында қазіргі жастарды атауда цифрлы ұрпақ «digital generation», цифрлы азамат «digital citizen» деген терминдер, олардың мәдениетін цифрлы мәдениет «digital culture» деп бөлу кең қолданысқа енген.

Сол сияқты француз философы Пьер Леви өз еңбегінде (Lévy, 1997: 31) цифрлы технологиялардың себебінен туындайтын жағдайларды, сондай-ақ, одан болатын қоғам үшін теориялық және практикалық себеп-салдарларды талдауды ұсынды. Бәрінен бұрын, Леви тарихтың әртүрлі кезеңдерінде әліппи, кітап басу өнері, жалпыхалықтық басылымдар, телеграф және телефон, радио және телевидениенің ең алғаш пайда болуы әсерінен орын алған өзгерістерді есепке ала отырып жаңа технологиялардың әлемдік қауымдастықты трансформациялайтындығын көрсетті. Сонымен қатар ол қазір және болашақта орын алатын өзгерістермен байланысты негізгі мәселелерді ашып көрсетті. Цифрлы дәуірдің маңызды аспектілері үй жағдайында жеке компьютерлерді жаппай қолданумен пайда болады.

Жоғарыда айтылған цифрлы технологиялардың жастардың саяси мәдениетіне тигізетін ықпалының көрінісіне әлем мемлекеттері тәжірибесі тұрғысынан салыстыра отырып шолу жасап көрсек. Яғни, цифрландыру үрдісінің жағымды және жағымсыз салдарларын салыстыра отырып зерттеу, Қазақстанда жаңадан басталған жаппай цифрландырудан туындайтын қауіп-қатерлерге алдын ала дайын болуға және дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Заманауи коммуникациялық технологиялардың дамуы және олардың халықтың саяси мәдениетіне әсерін зерттеу бойынша «цифрлық көшбасшы елдер» қатарына кіретін Гонконг, Сингапур, Ұлыбритания және тағы сол сияқты алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесі Қазақстан үшін ерекше маңызды болып табылады.

Саяси мәдениет қоғамдық саяси институттар қызметінің негізі ретінде

Цифрлы медиа аз уақыт ішінде жекелеген азаматтардың саяси өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналып үлгерді. Өйткені бүкіл әлемде цифрлы медиа технологияларды ақпарат пен

коммуникация үшін пайдаланатындар қатары күн санап артып келеді. Ұжымдық тұрғыда цифрлы медиа саяси әлеуметтену жолында маңызды платформа қалыптастыруы нәтижесінде жастардың ғана емес, тұтас бір саяси белсенді азаматтар арасында да саяси поляризация мен жалған ақпарат таратып саяси белсенді азаматтардың түрлі саяси пропаганда жобаларының негізгі нысанына айналуына ықпал етіп отыр.

Эмна және Екман зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық тәжірибеде қырғи-қабақ соғыстан кейінгі кезеңде жастардың саяси процестерге, сайлауға, референдумдарға қатысу белсенділігі төмендеп, «космополит жастар» үлесі артып келуде (Эмна, Екман, 2014: 261-281). Авторлардың пікірінше, саяси абсентизмнің артуының бірден-бір себебі саяси партиялар мен қозғалыстардың әрекет ету формасының жаңа заман талабына сай болмауы, азаматтардың саяси әлеуметтену ортасы дәстүрлі формадан виртуалды сипатқа ауысында деп түйіндейді.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастау алған заманауи коммуникациялық құралдардың қоғамдық өмірге тез қарқында кірігуі, азаматтарға әлеуметтік-саяси процестер жайлы ақпараттар ағынын еселеп өсіріп, азаматтық қоғам институттарының ролін арттырды. Соңғы жылдары жастар мәдениеті жаһандану процесі жағдаятында күрделі трансформациялық кезеңдерді бастан өткеруде. XXI ғасырдың алғашқы декадасында жастардың әлеуметтік-саяси процестерге белсенді араласуында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ықпалы артқандығы байқалып отыр.


Саяси ғылымның дәстүрлі теориялары тұрғысынан цифрлы технологиялар жастардың саяси көзқарастары мен ұстанымдарын қалыптастыруда негізгі құралға айналған. Ғаламтор қоғамдық-саяси мәселелер бойынша ешбір бақылаусыз ашық пікір алмасу жүретін негізгі алаң. Жастарды мемлекеттің саяси белсенді тобы ретінде қарастыратын болсақ, цифрлы технологиялардың жалпыға ортақ қолжетімділігінің артуы жастардың саяси әлеуметтенуіне және салыстырмалы түрде алғанда «виртуалды саяси еркіндік» қалыптастыруда маңызды рөл атқарды (Хофхайнц, 2007: 79). Цифрлы технологиялар жастарды әлеуметтік-саяси әлеуметтендіру процесінде дәстүрлі медиа сынды қатаң саяси цензура мен бақылаудан босатып, «виртуалды саяси алаңдар» қалыптастыру арқылы жастар арасында әртүрлі тақырыптарда пікірсайыс жасауына, өзара пікір

алмасуына мүмкіндік жасады. Бұл үрдіс өз кезегінде саяси институттар үшін негізгі мәселе көзіне айналуда. Бұл тұрғыдан алғанда ғаламтор, «бостандық алып келуші технология» ретінде саяси билік институттарында демократиялық ұстанымдардың маңыздылығын арттырып, жастардың саяси белсенділігінің өсуіне тікелей ықпал етуде.

Мысалы үшін әлемдік тәжірибеде соңғы он жыл ішінде цифрлы технологиялар тек қана коммуникациялық ақпарат алмасу құралы ғана емес, сонымен қатар жастарды саяси әлеуметтендіруші бірден бір құрал екенін бірнеше мемлекеттер жағдаяттарында айқын көрсетті. 2011 жылы Тунистен бастау алып бірнеше Араб мемлекеттерін қамтыған анти-автократиялық жастар қозғалысының (кейін «Араб көктемі» деген атау алды) жаппай аймақты тез уақыт ішін қамтуы, 2013 жылы Бразилияда 7 айдан ұзаққа созылған жастардың саяси наразылығы, бергін келе 2019 жылы құқықтық реформаға наразылық танытып шыққан Гонконг жастарының наразылығы, 2020 жылы тамыз айында бастау алып Еуропаның «соңғы диктаторы» атанған А. Лукашенконы сарсаңға салған Белоруссияда саяси толқуда да заманауи технологиялар маңызды рөл атқарды. Тіпті қазіргі таңда көптеген мемлекеттерде қандай да бір саяси-әлеуметтік наразылық жағдайында билік институттары бірінші кезекте ғаламторға толық бақылау қоюды әдетке айналдырды.

Цифрлы технологиялардың саяси-коммуникациялық қызметі: Қазақстан миллениалдары

Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап 30 жыл бойына Қазақстанда саяси билік институттары мен азаматтық қоғам негіздері «қазақстандық модель» негізінде қалыптасып келеді. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделі әлемдік қауымдастық тарапынан жағымды пікір қалыптастырды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекеттік билік институттарын қайта құру кезеңінде халық саны 16,45 млн, оның ішінде жастар үлесі 32% шамасын құрады. Қазіргі таңда халық саны 18.9 млн болса, 16-29 жас аралығындағы азаматтарды кіргізсек, онда ҚР-да жастар жалпы халық санының жартысынан астамын құрайды, 21.5% (3.9 млн) (Умбеталиева, Ракишева, 2016: 58). Бұл дегеніміз соңғы 30 жыл бойына ел халқында жастардың үлес салмағының ғана артқанын емес, сонымен қатар алдағы 10-20 жыл ішінде Қазақстандағы саяси үрдістерде жастардың саяси белсенді қоғамдық топты құрайтынын көрсетіп отыр. КСРО кезеңінде туылып, кеңестік саяси мәдениеттің ықпалымен саяси әлеуметтендірілген ұрпақ легіне қарағанда, тәуелсіздік алған кезеңде өскен жастардың саяси көзқарастары мен әлеуметтік ұстанымдарында біршама айырмашылықтар бар. Әлеуметтану ғылымында пост-миллениалдар немесе «Z-ұрпағы» аталатын буынға 2000 жылдан кейінгі туылған ұрпақ жатады.



1-сурет – ҚР халқының жас ерекшеліктері бойынша мәлімет 2019 жыл (мың)


Дереккөз: БҰҰ демография бөлімі «Халықтың жас топтары бойынша мәліметтер» (БҰҰ демография базасы, ресми сайт: <https://www.unfpa.org>)

Қоғамда жастардың үлесі артқанымен, жастардың саяси белсенділігі төмендеп, жастар ұғымында саяси процестерге жанама түрде қатысу артуда. Пікірімізге дәйек ретінде, «Жастардың ақпараттық қызметі» орталығының директоры Ирина Медникованың зерттеуі нәтижесі бойынша қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің ерекшеліктеріне саяси пассивтілік, патерналистік және саяси мотивация жоқтығы тән. Себебі, жастар мемлекеттік билік институтындағы басшылар мен саяси тұлғалардың аты-жөнін нақты атай алмайды. Жастар арасында, «Қазақстан 2050», «100 нақты қадам» сынды саяси мемлекеттік бағдарламалар кеңінен таныс болғанымен, жастар үшін саяси көшбасшылар «үлгі тұтар тұлға» ретінде танылмайтындығы анықталған (Ларуэль, 2019:147). Олар «Қазақстан-2050» сияқты негізгі мемлекеттік стратегиялар туралы мектепте немесе университетте ақпараттандырылса да, саясаткерлерді өздеріне «үлгі» деп санамайды. Мұндай ерекшеліктер, еліміздегі ғана емес, жаппай барлық миллениал ұрпақ өкілдеріне тән.

Келесі бір еліміздегі жастар арасында жүргізілген соңғы зерттеулердің бірі «Қоғамдық пікір» және Фридрих Эберт қоры бірігіп жүргізген 2016 жылғы әлеуметтік зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша жастардың 40%-ы қоғамдық-саяси процестерге қатысуда енжарлық танытады. Авторлардың пікірінше аталмыш трендтің бірден-бір себебі жастар арасында саяси институттар мен саяси билік өкілдеріне деген сенімнің төмен болуы деп санайды (Умбеталиева, Ракишева, 2016: 188). Себебі, жастар арасында цифрлы технологиялардың жаппай саяси-коммуникациялық қолданысқа енуі жастарды саяси процестер туралы өте кең ауқымды ақпаратпен қамтамасыз етіп, саяси институттар туралы кеңінен ақпараттандырылуына ықпал етуде.

Заманауи цифрлы технологиялардың қолданыс аясының жастар арасында кеңінен таралуы, Қазақстан жағдайында ресми билік тарапынан дәстүрлі БАҚ-та бақылаудың өсуіне қарамастан жастардың виртуалды саяси кеңістікте белсенділігі артуда. Қазақстан жағдайында тәуелсіздік алған кезеңнен бастап интернетке қол жетімділіктің еселеп артуы мен жастар үшін смартфон бағасының қолжетімді болуы, жергілікті саяси процестер ғана емес, тұтас ғаламдық саяси мәселелер бойынша уақытылы және кең көлемде ақпарат алуы жастар арасында кез келген қоғамдық-саяси мәселелер туралы сыни тұрғыда пікір қалыптастыруға қолайлы жағдай тудырды. Әрбір жас саяси шешім қабылдау процесінде белсенділік танытпаса да, саясаткерлерден, саяси партиялардан қоғамдық-саяси мәселелер бойынша табанды түрде нақты шешімдерді талап ету арқылы өзін саяси мәселелерге әсер ете алатындығын сезінуіне алып келді. Қазақстанның жастары ең көп қаласы саналатын Алматы қаласында соңғы бес жыл бойына болып өткен маңызды саяси акциялар мен шерулердегі жастардың басым болуы соның дәлелі.

2018 жылы қараша айында Алматы қаласы әкімшілігінің Көкжайлау аймағында курорттық демалыс аумағын салу бастамасына қарсы инстаграм желісіндегі #SaveKokZhailau хэштегімен табиғатты қорғау бойынша жастардың ұйымдастырған қарсылық петициясына 1 апта ішінде 33 000 қол жинап, Көк жайлау демалыс аймағын салдырмау жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыра алды. Нәтижесінде, желтоқсан айында сол кездегі қала әкімі Бауыржан Байбек табиғатты қорғаушы белсенді жастармен кездесіп, аталмыш жоба қоғамдық тыңдау арқылы шешімін табатындығын атап өтті (Форбс Қазақстан, 2019). Бұл цифрлы технологиялардың саяси коммуникация құралы ретінде жастарды қоғамдық-саяси мәселелер бойынша қаншалықты біріктіре алатындығын, әрі жастардың маңызды әлеуметтік-саяси күшке ие әлеуметтік топ екендігін көрсетті.



2-сурет – 2009-2018 жылдар аралығында ҚР-да ғаламторға қол жетімділік индексі

Дереккөз: Статистика деректер базасы (Статистика деректер базасы, ресми сайт: <https://www.statista.com>).

Виртуалды саяси кеңістік: цензурасыз ақпарат легі немесе саяси манипуляция?

Цифрлы технологияларға негізделген әлеуметтік-саяси коммуникациялық құралдардың саяси процестердегі маңызды құрал екендігі халықаралық саясатта 2008-2012 жылдары АҚШ-тағы президент сайлауындағы Б. Обаманың жеңіске жетуінде, 2011 жылы Тунистен басталып тұтас Араб түбегін қамтыған саяси шеруде, бертін келе 2016 жылы АҚШ-та президент сайлауы мен Англияның ЕО-дан шығуына байланысты референдумда, 2019 жылы Гонконгтағы жастардың «Қол шатыр» саяси шеруінде аса маңызды саяси «құрал» екендігін дәлелдеді. Америкалық Пью (Pew Research) зерттеу орталығының зерттеуінше әлем бойынша миллениалдардың 61% саяси жаңалықтарды әлеуметтік желілерден оқиды (Готфрид, Майкл, 2015:247). Сәйкесінше әлеуметтік желілер мен жаңалық сайттары жастар үшін де, саясаткерлер үшін де негізгі «саяси алаңға» айналып, түрлі саяси манипуляция мен идеологиялық астарға ие жалған ақпараттар (fake news) ағынына айналды.

Қазіргі таңда коммуникациялық-технологиялық құралдар жастардың саяси әлеуметтенуіне, саяси мәдениеті мен азаматтық ұстанымдарын қалыптастырудағы рөлін зерттеу ғылыми тұрғыда отандық ғылым үшін аса маңызды болып отыр. Біздің пікірімізше цифрлы технологиялардың қоғам өміріне белсенді түрде енуі жастардың саяси мәдениетіне екіұдай ықпал етуде. Қазақстан жалпы халық санының 70 %-ы күнделікті қоғамдық-саяси ақпаратты онлайн ресурстардан тұтынады (Қосназаров 2019:18). Жастар арасында инстаграм, телеграмм сынды аса танымалдылыққа ие әлеуметтік желі платформалар сан-түрлі саяси бағыттағы ақпараттар ағынына айналуда. Сол себепті, жастар заманауи технологиялар арқылы ортақ мәселе жөнінде бірігіп саяси-әлеуметтік күш бола алғанымен, екінші жағынан, саяси манипуляциялық теріс әрекеттер объектісіне айналуда. Жастардың заманауи алдыңғы қатарлы технологиялар арқылы саяси контент тұтынуында саяси манипуляциялық ақпарат тұтқынына түсуі біздің пікірімізше негізгі екі себепке байланысты:

Біріншіден, заманауи технологиялардың алгоритмдік бағдарламалық сипаты. Яғни, әрбір қолданушының «ұнатқан» саяси контентін еш-

бір баламасыз, қайталап ұқсас мазмұндағы ақпаратты ұсынуы нәтижесінде ақпарат тұтынушы тек бір жақты ақпарат тұтынушыға айналады.

Екіншіден, билік институттарының виртуалды саяси кеңістікті институционалдандыру арқылы бақылауына алуы. Мысалы, Қазақстан жағдайында жастардың саяси мазмұндағы ақпарат тұтынатын ютуб желісіне балама ретінде отандық айтуб жобасын құрып, жастар арасында ықпалы жоғары инфлюенсерлерді біріктіретін бір жерден бақыланатын ұйым құрылуы (мысалы, Salem Social media жобасы), нәтижесінде виртуалды кеңістікте жастардың саяси белсенді әрекетін мемлекет өз бақылауына ұстауға тырысқан әрекетін көреміз.

Цифрлы технологиялардың саяси коммуникациялық құрал ретінде қолданылып, виртуалды белсенді түрде қолданысқа енуі қоғамда саяси сананы қалыптастыруда, қандай да бір нақты саяси тақырып бойынша қоғамдық пікір қалыптастырушы құрал ретінде қолданылуда. Жарқын мысалы, әлеуметтік желілерде қоғамдық-саяси пікір қалыптастыруда «саяси боттар»-дың Орталық Азия мемлекеттерінде белсенді қолданылып келуін айтамыз.

Ақпараттық технологиялар ғылымында «бот» – дегеніміз рутиналық қайталанатын операцияларды орындайтын бағдарламалық жобаны атайды. Мысалы, автоматты түрде жарияланымдар жариялап, «ұнату» белгісін басып, ақпаратпен бөлісу қызметтерін жасайтын «жалған аккаунттар». Аталмыш қызмет алғашында коммерциялық маркетингтік компаниялардың интернет сайттар мен әлеуметтік желі парақшаларында тауарларды жарнамалау мақсатында қолданып бастаған болатын. Бертін келе саяси институттар белсенді түрде өз мақсатына қолдана бастады. Кез келген саяси мақсаттағы қарапайым ақпарат тұтынушыға әлеуметтік желі мен интернет сайттарында көптеп таралатын саяси мақсаттағы посттарда кімнің «саяси бот», кімнің «саяси бот емес» екендігін анықтау қиынға соғатындығы рас. Орталық Азия мемлекеттерінде, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан елдерінде сайлау немесе жекелеген саясаткерлер өздерінің жеке имиджін қалыптастыруда «саяси боттарды» өте белсенді пайдаланады (Central Asian Bureau for Analytical Reporting 2021).

Қазақстандық factcheck.kz жобасының 2019 жылы жариялаған зерттеуі бойынша елімізде саяси ақпараттардың манипуляциялануында «саяси боттар» инстаграм, фэйсбук желілерінде өте белсенді жұмыс жасайды (Фактчек кз,

2019). Ерекшелігі, қазақстандық виртуалдық кеңістікте саяси манипуляцияны мақсат еткен боттар тізімі тек билік институттарына ғана емес, сонымен қатар оппозициялық қозғалыстарда белсенді қолдануда. Нәтижесінде, цифрлы технологиялардың саяси мазмұнда белсенді түрде қолданылуы жастардың саяси әлеуметтенуінде де саяси манипулятивті процестер күрмеуіне түсуіне тікелей әсер етуде.

Демократиялық қоғам орнатуда азаматтардың саяси-қоғамдық процестерге қатысуы ең маңызды компонент. Цифрлы технологиялардың жастар арасында кеңінен қолдану инклюзивті азаматтық қоғам қалыптастыруына жергілікті және халықаралық тұрғыда жанама түрде әсер етуде. Қазақстандық сарапшы Данияр Қосназаров жастардың әлеуметтік желі қолдану арқылы саяси әлеуметтенуі бойынша жариялаған зерттеу жұмысының мәліметінше, қазақстандық жастар әлеуметтік желіде дәстүрлі түрде селфи жүктеу, достарымен естеліктерін жариялау, қоғамдық-саяси жаңалықтар тұтыну, «мемдер» қарау және өз құрдастары тарапынан жасалған саяси мазмұндағы жаңалықтарды тұтыну үшін пайдаланады (Қосназаров, 2019: 8-10). Нәтижесінде, қазақстандық жастар әлеуметтік желілер арқылы өздерінің азаматтық саяси белсенділік әрекеттерімен жастар арасында «саясат» ұғымының мәнін кеңінен өзгеріске ұшыратуда.

Тарихи тұрғыда жастардың саяси процестерге қатысуы өзге әлеуметтік топтарға қарағанда әрқашанда белсенді болған. ХХІ ғасырдағы жастар мәдениетінің ерекшелігі олардың саяси мазмұнда өздерімен жас мөлшері жағынан шамалас әлеуметтік желілерде белсенділер тарапынан дайындалған контентті тұтынуымен ерекшеленеді. Бұл дегеніміз жастар тұрғындардың ішінде тек қана саяси мазмұндағы ақпаратты тұтынушы топ қана емес, сондай-ақ оларды өз арасында өндіруші әрі тұтынушы бола алуын көрсетеді. Осы тұрғыда жастар саяси процестерге белсенді түрде қатысу үшін дәстүрлі институционалды негіздегі саяси партиялар немесе қоғамдық-саяси журнал, газеттер мен түрлі платформаларда көрінуді өзіне міндет санамайды. Керісінше, олар кез келген уақытта ортақ мәселе бойынша жастар өзара бірігу арқылы онлайн платформада саяси мазмұндағы жобалар жасай алады.

Жастардың осылайша саяси әлеуметтенуі саяси журнал, телеарналар, кітаптар мен оқу құралдарына бақылаудан олардың босап шығып сандық технологиялар арқасында саяси процестерге «еркін» қатыса алуға қолайлы мүм-

кіндігінің туындауы жастардың өзіндік саяси нарративін қалыптастыруына себеп болды. Алайда жастардың саяси санасына цифрлы технологиялардың тигізетін кері әсері ретінде ақпараттың көптігінен жастардың жалған және ақиқат ақпаратты ажырата алмауы қазіргі таңда қоғам үшін қауіпті мәселе ретінде қалып отыр. Мәселен, Ф. Эберт қоры жүргізген Орталық Азия жастар зерттеуі бойынша Қазақстанда жастардың 45% гугл іздеу желісінен тапқан ақиқаттарын ақиқатқа санайтынын айтқан. Бұл дегеніміз, жастарды біржақты ақпаратпен ғана қамтымай, жалған ақпарат құрбаны болу ықтималдылығын көрсетеді. Цифрлы технологиялардың азаматтарды саяси процестерге қатысуындағы қозғаушы күш ретіндегі рөлі ғылыми тұрғыда әлі толық зерттелген жоқ. Бүгінгі күні белсенді жастар арасындағы қоғамдық-саяси процестерге олардың қатысуында цифрлы технологиялардың тікелей прогрессивті рөлі басым күйінде қалып отыр.

Қорытынды

Мақалада айтылған негізгі ойды қорытындылай келе жаһандану заманында кез келген мемлекет үшін ұлттың ұлттық болмысын сақтап қалу өте маңызды. Заманауи цифрлы технологиялардың қарыштап дамуы мен оның өте жылдамдықпен таралуы бұрыннан қалыптасып қалған қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінің түбегейлі түрде өзгеруіне алып келді. Соның ішінде цифрлы технологияларды күнделікті өмірге белсенді түрде ендіру жастардың саяси санасы мен дүниетанымына айтарлықтай ықпал етіп, олардың саяси мәдениеті мен мінез-құлқының өзгеруіне жол ашты.

Жалпы цифровизация процесінің біздің қазақстандық қоғамның дамуы үшін екі жақты қыры бар. Оның бірі мемлекеттің экономикасының дамуы мен жастардың азаматтық белсенділігінің артуына жағымды ықпалы болса, екіншіден, жастарды дұрыс жолдан адастыратын түрлі жалған ақпараттардың таралуымен байланысты қауіп-қатерлер болып табылады. Сондықтан цифрлы технологиялардың қоғамға жағымды және жағымсыз ықпалдарын зерттеумен қазіргі таңда әлемнің дамыған елдері айналысуда. Жаңадан цифровизацияны өз ішіне енгізіп және дамытып жатқан Қазақстан үшін әлем мемлекеттерінің тәжірибелері маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта жастардың саяси әлеуметтенуіне қалыптасқан дәстүрлі институттардың ықпалы

айтарлықтай деңгейде әлсіреу үстінде, оларды болашақта біртіндеп цифрлы технологияларға негізделген заманауи ақпараттық-коммуникативтік жүйелер ығыстырып шығарады деген болжам да жоқ емес. Сондықтан тақырып ғылыми тұрғыда әрі қарай терең талдап зерттеуді қажет етеді.

Жұмыс ҚРБЖҒМ ғылыми-зерттеу жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған №АР09057996 «Қазақстандық жастардың саяси мәдениетіне цифровизацияның ықпалы» атты жоба шеңберінде орындалды.

Әдебиеттер

Amna E., Ekman J. (2014). Standby citizens: Diverse faces of political passivity. *European Political Science Review*, № 6 (2), С. 261–281.

Бродовская Е.В., Хуанг Т. (2019). Цифровое поколение: гражданская мобилизация и политический протест российской молодежи // Мониторинг общественного мнения: Экономические и социальные перемены. № 5, С. 3-18, <https://doi.org/10.14515/monitoring>.

БҰҰ демография бөлімі «Халықтың жас топтары бойынша мәліметтер» (Электрондық ресурс). URL: <https://www.unfpa.org/data/transparency-portal/unfpa-kazakhstan> (Қаралған күні: 10.03.2021).

Государственная программа «Цифровой Казахстан» (2020). (Электронный ресурс). URL: <https://digitalkz.kz/wp-content/uploads.pdf> (Дата обращения: 12.03.2021).

Hofheinz A. (2007). Arab Internet use: Popular trends and public impact. In N. Sakr (Ed.), *Arab media and political renewal*. London: I.B. Tauris, P. 56-79.

Umbetaliyeva T., Rakisheva B. and Teschendorf P. (2016). «Youth in Central Asia: Kazakhstan». *Almaty*. 281 p.

Laruelle M. (2019). *The Nazarbayev Generation: Youth in Kazakhstan (Contemporary Central Asia: Societies, Politics, and Cultures)* Lexington Books, 342 p.

Сақтаганова Л. (2020). Цифровизация Казахстана – ключевой фактор развития. (Электронный ресурс). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38537960#pos=5;-90 (Дата обращения: 11.03.2021).

Статистика деректер базасы (Электрондық ресурс). URL: <https://www.statista.com/statistics/769863/internet-penetration-rate-kazakhstan/>. (Қаралған күні: 11.03.2021).

Глава государства поручил проанализировать все просчёты, с которыми столкнулась ИТ-сфера в условиях стресс-теста (2020). (Электронный ресурс). URL: <https://informburo.kz/novosti/tokaev-razreklamirovannaya-sistema-e-learning-kryaknulas-kak-shutyat-ostryaki-104914.html> (Дата обращения: 9.03.2021).

Форбс Казахстан (2019). Активисты группы «Сохраним Кокжайлау» призывают будущих кандидатов в президенты озаботиться решением экопроблем РК. (Электронный ресурс). URL: https://forbes.kz/news/2019/04/18/newsid_197492/?utm_source=forbes&utm_medium=incut&utm_campaign=news (Дата обращения: 11.03.2021).

Kosnazarov D. (2019). #Hashtag Activism: Youth, SocialMedia and Politics in Kazakhstan, Central Asia Program (Electronic source). URL: <https://www.centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2019/01/Kosnazarov-CAP-Paper-217-February-2019.pdf> (Date of the application: 13.03.2021).

Gottfried J., Michael M. (2015). How Millennials' political news habits differ from those of Gen Xers and Baby Boomers, Pew research. (Electronic source). URL: <https://www.pewresearch.org/fact-tank/2015/06/01/political-news-habits-by-generation/> (Date of the application: 11.03.2021).

Marlon G. (2014). «The European Democracy Paradox.» RAND Corporation [blog], 21 May. As of 14 March 2020: (Electronic source). URL: <http://www.rand.org/blog/2014/05/the-european-democracy-paradox.html> (Date of the application: 24.03.2021).

Фактчек кз. (2019). Ферма вождя: кто управляет нурботами и нурняшками. (Электронный ресурс). URL: <https://fact-check.kz/glavnoe/ferma-vozhdya-kto-upravlyaet-nurbotami-i-nurnyashkami/> (Дата обращения: 11.03.2021).

Central Asian Bureau for Analytical Reporting (2021). (Electronic source). URL: <https://cabar.asia/ru/ferma-otvetov-nurnyashki-i-trolli-kak-rabotayut-boty-v-stranah-tsentralnoj-azii> (Date of the application: 18.03.2021).

References

Amna E., Ekman J. (2014). Standby citizens: Diverse faces of political passivity. *European Political Science Review*, 6(2), S. 261–281.

Бродовская Е. В., Хуанг Т (2019). Cifrovoe pokolenie: grazhdanskaya mobilizaciya i politicheskij protest rossijskoj molodezhi [Digital generation: civil mobilization and political protest of Russian youth] // Monitoring obshchestvennogo mneniya: Ekonomicheskie i social'nye peremeny. № 5. S. 3-18. <https://doi.org/10.14515/monitoring>. – S. 7.

BUU demografiya bolimi «Halyktyн zhas toptary boyjnsha malimetter» [UN Demographic Department «Information about youth population groups»]. (Jelektronnyk resurs). URL: <https://www.unfpa.org/data/transparency-portal/unfpa-kazakhstan> (Karalğan kuni: 10.02.2021).

Gosudarstvennaya programma «Cifrovoy Kazahstan» (2020) [State program «Digital Kazakhstan»]. (Jelektronnyj resurs). URL: <https://digitalkz.kz/wp-content/uploads.pdf> (Data obrashcheniya: 12.03.2021).

Hofheinz A. (2007). Arab Internet use: Popular trends and public impact. In N. Sakr (Ed.), *Arab media and political renewal*. London: I.B. Tauris, P. 56-79.

- Umbetaliyeva T., Rakisheva B. and Teschendorf P. (2016). «Youth in Central Asia: Kazakhstan». Almaty. 281 p.
- Laruelle M. (2019). The Nazarbayev Generation: Youth in Kazakhstan (Contemporary Central Asia: Societies, Politics, and Cultures) Lexington Books. 342 p.
- Saktaganova L. (2020). Cifrovizaciya Kazahstana – klyuchevoj faktor razvitiya. [Digitalization of Kazakhstan is a key factor of development] (Jelektronnyj resurs). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38537960#pos=5;-90 (Data obrashcheniya: 11.03.2021).
- Statista derekter bazasy [Statistical database]. (Jelektronnyj resurs). URL: (<https://www.statista.com/statistics/769863/internet-penetration-rate-kazakhstan/>) (Karalgan kuni: 11.03.2021).
- Glava gosudarstva poruchil proanalizirovat' vse proschyoty, s kotorymi stolknulas' IT-sfera v usloviyah stress-testa. [The head of state instructed to analyze all the miscalculations faced by the IT sphere in the conditions of a stress test] (Jelektronnyj resurs). URL: <https://informburo.kz/novosti/tokaev-razreklamirovannaya-sistema-e-learning-kryaknulas-kak-shutyat-ostryaki-104914.html> (Data obrashcheniya: 9.03.2021).
- Forbs Kazahstan (2019). Aktivisty gruppy «Sohranim Kokzhajlau» prizyvayut budushchih kandidatov v prezidenty ozabotit'sya resheniem ekoproblem RK [Activists of group «Sohranim Kokzhailau» urge future presidential candidates to take care of solution of environmental problems of Kazakhstan]. (Jelektronnyj resurs). URL: https://forbes.kz/news/2019/04/18/newsid_197492/?utm_source=forbes&utm_medium=incut&utm_campaign=news (Data obrashcheniya: 11.03.2021).
- Kosnazarov D. (2019). #Hashtag Activism: Youth, SocialMedia and Politics in Kazakhstan, Central Asia Program. (Electronic source). URL: <https://www.centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2019/01/Kosnozarov-CAP-Paper-217-February-2019.pdf> (Date of the application: 13.03.2021).
- Gottfried J., Michael M. (2015). How Millennials' political news habits differ from those of Gen Xers and Baby Boomers, Pew research. (Electronic source). URL: <https://www.pewresearch.org/fact-tank/2015/06/01/political-news-habits-by-generation/> (Date of the application: 11.03.2021).
- Marlon G. (2014). 'The European Democracy Paradox.' RAND Corporation [blog], 21 May. As of 14 March 2020. (Electronic source). URL: <http://www.rand.org/blog/2014/05/the-european-democracy-paradox.html> (date of the application: 24.03.2021).
- Faktchek kz (2019). Ferma vozhdya: kto upravlyaet nurbotami i nurnyashkami [Leader's Farm: Who Runs Nurbot and Nurniacs] (Jelektronnyj resurs). URL: <https://factcheck.kz/glavnoe/ferma-vozhdya-kto-upravlyaet-nurbotami-i-nurnyashkami/> (Data obrashcheniya: 11.03.2021).
- Central Asian Bureau for Analytical Reporting (2021). (Electronic source). URL: <https://cabar.asia/ru/ferma-otvetov-nurnyashki-i-trolli-kak-rabotayut-boty-v-stranah-tsentralnoj-azii> (Date of the application: 18.03.2021).